

Уран өнімінің экспорты туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 қарашадағы N 1484 қаулысы

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы N 9-1 Z960006 Заңына және "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" ЖАҚ) "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" ЖАҚ мен Қытай Ядролық Уран корпорациясы/Қытай Ядролық Энергетика Өнеркәсібінің Корпорациясы арасындағы 2001 жылғы 21 қыркүйектегі N 2001 СМАЕ/FS60069КА уран концентраттарын сатып алу мен сатуға келісім-шарттың қағидаларына сәйкес табиғи уранның тотығы-шала тотығы түріндегі уран концентратын (СЭҚ ТН коды 2844 10 390) 300 000 кг U +/- 0,1% мөлшерінде U308 нысанда экспорттауға рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" ЖАҚ-на осы қаулының 1-тармағында көрсетілген уран өнімін Қазақстан Республикасынан экспорттауға лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті осы қаулының 1-тармағында көрсетілген өнімді кедендік бақылауды және кедендік ресімдеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі